

Солтүстік Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2020 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 341 қаулысымен  
Бекітілген



**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
білім басқармасы» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің «Айыртау  
ауданының білім бөлімі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі «Колосок» бөбекжай-  
бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорны  
Жарғысы**

2020 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Колосок» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігінің 1999 жылдың 4 ақпаны № 29 қаулысына сәйкес құрылды.

3. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды уәкілетті орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Мекен-жайы:

150100 (индекс),

Қазақстан Республикасы,

Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы,

Саумалкөл селосы, Б/А (ықшам аудан), № 20 үй.

БСН 120140003577, СТН 481500210703.

6. Кәсіпорынның атауы:

Мемлекеттік тілде – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Колосок» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Орыс тілінде – Государственное коммунальное казенное предприятие ясли-сад «Колосок» коммунального государственного учреждения «Отдел образования Айыртауского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері:

150100 (индекс),

Қазақстан Республикасы,

Солтүстік Қазақстан облысы,

Айыртау ауданы,

Саумалкөл селосы,

М Янко көшесі, № 52 үй.

БСН 990240003898, СТН 481500000439.

## 2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының және кәсіпорынның атауы бейнеленген мөрі, бланктері, бұрыштық мөр, заңға сәйкес банктік шоттары, өз балансы бар.

10. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында білім беру - Кәсіпорынның қызметі болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) мектеп жасына дейінгі балалардың дене-тұлғалық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына баулу;

2) тәрбиеленушілердің интеллектуалды және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың қызығушылықтарын қанағаттандыру, жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтарға баулу негізінде қабілеттерін дамыту;

3) мектеп жасына дейінгі балаларда басымшылдық, зерделік пен шығармашылықта өзін таныта білуін дамыту;

4) балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, мектепалды дайындықтың білім бағдарламаларын меңгеруі үшін жағдайлар жасау;

5) тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара әрекеттесуі;

6) мектеп жасына дейінгі балаларын үйде тәрбиелейтін отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек беру;

7) алғашқы (дәрігерлікке дейінгі) медициналық-санитарлық көмек көрсету болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үрдісі мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.



16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір қызмет мақсаттарына қайшы, не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеліп соғады.

#### **4. Білім оқу бағдарламаларының тізбесі**

18. Кәсіпорын өзінің белгіленуі бойынша жалпы дамытатын үлгідегі ұйым.

19. Кәсіпорын мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың жалпы білім бағдарламаларын іске асырады.

20. «Кәсіпорынның» жалпы білім бағдарламалары, сондай-ақ қосымша білім бағдарламалары мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекше қызмет түрлері ескерілуімен мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленеді.

21. «Кәсіпорынның» жалпы білім оқу бағдарламалары:

1) мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтырудың бірыңғайлық принципін есепке ала отырып, балаларды қамтамасыз етеді;

2) әрбір баланың бейімділігін, қабілеттерін жүзеге асыруды және оны даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке көзқарас негізінде мектепке дейінгі тәрбиенің білім беру бағдарламасын әзірлеуге дайындауды басшылыққа алады.

#### **5. Тәрбиеленушілерді бөбекжай-бақшасына қабылдау тәртібі**

22. «Кәсіпорынға» 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданға дейінгі балалар «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына сәйкес қабылданады.

23. Құжаттарды есепке алу, ресімдеу тәртібін «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Колосок» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны белгілейді.

24. «Кәсіпорында» топтар жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасақталады.

25. Балаларды тұрақты және уақытша тұруға қабылдау орын бар болған жағдайда жыл бойы жүргізіледі.

## **6. Тәрбиеленушілерге бөбекжай-бақшада болуына тыйым салудың негізі мен тәртібі**

26. Кәсіпорында балаға орны мынадай жағдайларда сақталады:

- 1) баланың ауруында;
- 2) баланың жаз маусымында екі айға дейінгі мерзімде медициналық, санаторлық-курорттық ұйымдарда емделуінде және сауығуында;

3) ата-аналарының біріне еңбек демалысы берілгенде;

27. Кәсіпорында баланы қабылдау үшін кіру жарнасын, сондай-ақ баланы ұзақ уақыт болмауы немесе сабаққа қатыспауы жағдайына орын сақтау үшін ақы алуға жол берілмейді.

28. Баланы Кәсіпорыннан шығаруды басшы Құрылтайшымен келісумен мынадай жағдайларда жүргізеді:

1) баланы күтіп ұстау үшін ай сайынғы ақыны уақытында төлемеуінде;

2) баланың дәлелді себепсіз және әкімшілікке ескертпей бөбекжай-бақшаға бір айдан көп келмеуі;

3) бөбекжай-бақшаға болуына тыйым салатын баланың жағдайы туралы медициналық тұжырымдама болуында.

## **7. Білім үрдісін ұйымдастыру тәртібі**

29. Кәсіпорында тәрбие-білім үрдісі жалпы білім оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады және Кәсіпорын Жарғысымен анықталады.

30. Кәсіпорын қамтамасыз етеді:

1) оның Жарғысымен белгіленетін функциялар орындалуын;

2) білім бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын;

3) іске асырылатын білім бағдарламаларының сапасын;

4) білім үрдісін ұйымдастырудың қолданылатын түрлері, әдісі мен құралдары балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері, бейімдері, қабілеттері, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сай қолданылуын;

5) білім үрдісі уақытында балалар және Кәсіпорын қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын қорғалуын.

31. Кәсіпорын мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін және дамуын қамтамасыз етеді.

32. Кәсіпорын тәрбие-білім үрдісінің (бала тұлғасының шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру) тиімділігін қамтамасыз ету үшін педагогтарға мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандарт талаптарын сақтап, балама авторлық бағдарламаларды тандауға, қолдану, тәрбие, оқыту мен сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығы беріледі.



33. «Кәсіпорын» жүзеге асыратын білім және тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу білім және тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. «Кәсіпорынның» оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау оқу-тәрбие үрдісі кестесін оқу жылына бекіту және теориялық және машық сабақтарды жазу арқылы жүзеге асырылады.

34. Тәрбие-білім міндеттерін тиімді шешу үшін Кәсіпорында педагогикалық кеңес құрылады.

36. Тәрбие-білім үрдісін қамтамасыз ету уақытында әр балаға:

- 1) оның өмірі мен денсаулығының сақталуына;
- 2) оның абыройының қорғалуына;
- 3) барлық физиологиялық, моральдық немесе психикалық күш көрсетуден қорғалуына;
- 4) оның шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығының дамуына;

5) дамуында бар кемшіліктердің алдын алу және түзетуде білікті көмек алуына;

6) оның бейімі, қабілеті, тілегі мен денсаулық жағдайына қарай қосымша білім, сауықтыру қызметтерін алуына кепіл беріледі.

35. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты физиологиялық, моральдық және психикалық күш көрсету әдістерін қолдануға жол берілмейді.

36. Кәсіпорын балаларды мектепке дейінгі мекеме штатына кіретін медициналық қызметкермен жүзеге асырылатын тұрақты медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді. Кәсіпорында балалар мен қызметкерлерге алғашқы (дәрігерлікке дейінгі) медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі.

37. Кәсіпорын балалардың Қазақстан Республикасының заңнасымен белгіленген азық-түлікті тұтыну нормаларға сәйкес теңгерімді тамақтануын қамтамасыз етеді. Төрт рет тамақтану режимі жүзеге асырылады.

38. Отбасы мен балаға әлеуметтік-педагогикалық көмек беру мақсатында Кәсіпорын консультациялық пункт жұмысын қамтамасыз етеді. Оның жұмыс тәртібі кәсіпорын басшысының бұйрығымен белгіленеді.

## **8. Педагогикалық қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері**

39. Педагогикалық қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері осы жарғы және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

40. Педагогикалық қызметкер:

1) кәсіби қызметке жағдай жасалумен педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперимент жұмысымен айналысуға, педагогикалық тәжірибеге жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

- 3) жеке педагогикалық қызметке;
- 4) білім берудің тиісті деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың амалдары мен түрлерін еркін таңдауға;
- 5) білім ұйымының алқалық басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 6) мерзімінен бұрын санатын арттыру аттестациясынан өтуге;
- 7) педагогикалық қызметіндегі табыстары үшін мемлекеттік наградла, құрметті атақ, сыйақы мен атаулы стипендия түрінде моральді және материалдық көтермелеуге;
- 8) өзінің кәсіби абыройы мен намысын қорғауға;
- 9) білім ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдері жөнінде шағымдануға құқылы.

41. Педагогикалық қызметкер:

- 1) өзінің кәсіби құзыреті саласында тиісті теориялық және тәжірибелік білім мен дағдыларға ие болуға;
- 2) мемлекеттік жалпы білім стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) тәрбиеленушілердің тіршілік дағдыларын, құзыретін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 4) өзінің кәсіби шеберлігін, интеллектуалды, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіруге;
- 5) кемінде бес жылда бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 6) педагогикалық этика талаптарын сақтауға;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жыл сайын медициналық тексерістен өтуге;
- 8) Тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының ар-намысы мен абыройын қадірлеуге міндетті.

42. Педагогикалық этика міндеттері мен нормаларын бұзғаны үшін педагогикалық қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

43. Педагогикалық қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделгенінен басқа жағдайларда өзінің кәсіби міндеттерін орындаумен байланысты емес жұмыс түрлеріне қатыстырылмайды.

44. Білім ұйымдарындағы жұмысқа сот үкімі немесе медициналық тұжырымдамамен педагогикалық қызметпен айналасуға тыйым салынған, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе кешірілмеген сотталғандығы бар тұлғалар жіберілмейді.

45. Педагогикалық қызметкерлерге оқу үрдісін саяси үгіттеу, діни насихат немесе оқушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы әрекеттер жасауға итермелеу мақсатында пайдалануға тыйым салынады.



## 9. Ақылы қызметтер тізбесі және көрсетілу тәртібі

46. Кәсіпорын ақылы қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

47. Кәсіпорында баланы асырау үшін ата-анадан немесе заңды өкілден алынатын ай сайынғы төлем мөлшері баланың жасына қарамастан тамақ құнының 100% пайызын құрайды.

48. Кәсіпорын және ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы қарым-қатынас баланы бөбекжай-бақшаға қабылдауда жасалатын Келісімшартпен реттеледі. Келісімшартта баланың бөбекжай-бақшаға қатысу режимі, айына тамақтанудың жоспарлы бағасы және жиілігі, көрсетілген.

## 10. Кәсіпорынды басқару

49. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе оған «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі уәкілеттік етеді.

3) Кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын көрсететін қызметтерінің міндетті көлемдерін айқындайды;

4) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) коммуналдық мүлкті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

9) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

10) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

50. «Кәсіпорынның» мемлекеттік басқаруын осы Жарғының 5-тармағында аталған мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

51. Кәсіпорынның органы болып оның басшысы табылады. Кәсіпорынның алқалық кеңестік басқару түрлері кәсіпорынның педагогикалық кеңесі болып табылады.



52. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

53. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

54. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

55. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында коррупциялық қарсы әрекет ұйымдастырғаны үшін дербес жауапты болады.

56. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

57. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгешесі көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас (аға) бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатуралар ұсынады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Заңнама мен осы Жарғының ережелерінен туындайтын өкілеттерден басқа мемлекеттік басқару органы:

1) заңнамаға сәйкес «Кәсіпорын» басшысы лауазымына тағайындайды және босатады, оның аттестаттауын өткізеді;

2) Уәкілетті органға онымен белгіленген мерзімде «Кәсіпорынның» қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштері орындалуын бақылауын және талдауын жүзеге асырады; «Кәсіпорын» мүлкінің мақсат бойынша пайдаланылуына және сақтауға бақылауды жүзеге асырады;

3) «Кәсіпорын» мүлкінің мақсатты пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

4) «Кәсіпорынға» мемлекет тапсырысын жеткізеді және оның орындалуын бақылайды;

5) «Кәсіпорын» қызметкерлерінің штаттық кестесін және «Кәсіпорынның» еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді.

6) Кәсіпорындар мен уәкілетті органдардың өзара қарым-қатынасы әрекеттесуші ҚР заңнамасына сәйкес құрылады.

## 11. «Кәсіпорын» мүлкі

58. Кәсіпорын мүлкіті жедел басқару құқығында иеленеді.

59. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

60. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

61. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлкітің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлкітің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

62. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті мүлкі болуы мүмкін.

63. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғымен өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

64. Табыстар мүлкіті қолданған үшін, жедел басқаруда болған жағдайда, сонымен қатар мүлкі келісім бойынша алынған және басқа негіздермен кәсіпорынның жедел басқаруына Қазақстан Республикасының заңнамасымен құрылған тәртібімен меншікті сатып алуға құқылы.



65. Меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешімі қабылданған мүлікке қатысты жедел басқару құқығы Кәсіпорында мүлік оның теңгерімінде тіркелу сәтінен бастап туындайды, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен бекітілмесе.

66. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

67. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен көзделген негіз бен тәртіппен, сондай-ақ осы Жарғымен көзделген жағдайларда тоқтатылады.

68. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі келісімі бойынша Кәсіпорынан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

69. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

70. Осы Жарғының 60-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

71. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## **12. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

72. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

73. «Кәсіпорын» өндіретін және сататын қызметтер бағасын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі белгілейді.

74. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады.

### **13. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

75. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

### **14. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

76. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша ұлттық стандарттарға сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

78. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі: бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны камтиды. «Кәсіпорынның» қаржылық жылы күнтізбемен сәйкес келеді.

### **15. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

79. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі субсидиарлық жауаптылықта болады.

80. Қазыналық кәсіпорында ақша жетпеген кезде оның міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауаптылықта Қазақстан Республикасы немесе сәйкес бюджет қаражатымен әкімшілік-территориялық бірлік болады.

### **16. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

81. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Колосок» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, құрылтайшысы мен уәкілетті орган, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Колосок» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны әкімшілігі және оның еңбек ұжымы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.



## 17. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

82. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі белгілейді.

83. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды. Уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлемі Кәсіпорын табысы есебінен жүргізіледі.

84. Кәсіпорын басшысының лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және өзге де сыйақы жүйесін «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі белгілейді.

## 18. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

85. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.


86. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды Солтүстік Қазақстан облысы жүзеге асырады.

87. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## 19. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

88. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Солтүстік Қазақстан облысы немесе оған уәкілетті «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі енгізеді.

Меңгеруші:  Ж.Ахметова

## 1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие ясли-сад «Колосок» коммунального государственного учреждения «Отдел образования Айыртауского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата Айыртауского района Северо-Казахстанской области № 29 от 04.02.1999 г.

3. Учредителем предприятия является акимат Северо-Казахстанской области.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества предприятия осуществляет КГУ «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли, осуществляющим управление предприятием, является коммунальное государственное учреждение «Отдел образования Айыртауского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»

Местонахождение:

150100 (индекс),

Республика Казахстан,

Северо-Казахстанская область,

Айыртауский район,

с. Саумалколь, МКР (микрорайон), дом № 20.,

БИН 120140003577, РИИ 481500210703.

6. Наименование предприятия:

На государственном языке – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Колосок» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

На русском языке – Государственное коммунальное казенное предприятие ясли-сад «Колосок» коммунального государственного учреждения «Отдел образования Айыртауского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

7. Местонахождение «Предприятия»:

150100 (индекс),

Республика Казахстан,

Северо-Казахстанская область,

с. Саумалколь, улица М.Янко, 52.,

БИН 990240003898, РИИ 481500000439.



## 2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

